

*Бекітемін:
«Күншуақ жекеменшік бөбекжай-бақшасының
әдіскері: Жақсылықова А.Ә.*

«Алтын күз»

(Ортаңғы топ «Толағай» тобының ұйымдастырылған мерекелік ертеңгілік)



*Тәрбиешілер: Утеуова Меруерт
Әміреева Алтын*

Таушық ауылы 24.10.2023ж

Мақсаты: Балаларды күз әлемімен таныстыру. Балалардың ойын, ән, билер арқылы күзгі мерекелік көңіл-күйлерін көтеру. Табиғатты сүйіп, қорғауға, аялауға тәрбиелеу.

Жүргізуші: Армысыздар, құрметті қонақтар!

Берекелі алтын күз құтты болсын.
Құтты болсын осы шаттық күніміз.
Бақытты да ұзақ өмір сүріңіз.
Қуанышты жүзіңізбен әрдайым
Бұл өмірде күліп қана жүріңіз.



Бүгінгі біздің «алтын күз» атты ертеңгілігімізді бастауға рұқсат етіңіздер.

Жүргізуші: Ал, балалар, балалар

Енді бері қараңдар .
Бізге қонақ келмекші.
Сендерді бір көрмекші.
Әуелі жұмбақ жасырам.
Қулығымды асырам
Таба алсаңдар шешімін
Қонағымды ортаға шақырамын.
Бұлттар төгіп жерге шөгіп,
Дымқыл тұман басады.
Шөп сарғайып өңі тайып.
Дала сұры қашады.
Бой жаза алмай, ойнай алмай.
Денең мұздап тоңады.
Бөбектерім айтыңдаршы.

Бұл қай кезде болады. (күз)
Жарайсыңдар, ендеше қонағымызды қарсы алайық.
-әуен ойналады. (Күз ханшайымы кіреді)



Күз ханшайымы:
Сәлеметсіздерме! Балалар мені күтіп қалдыңдарма? Мен күз ханшайымымын ормандарды тауларды аралап, барлық жерді сары қоңыр бояуға боядым. Міне сендерге келіп жеттім. Мерекелерің құтты болсын!

Жүргізіші: Рахмет сізге Алтын күз біздің мерекелік кешімізге қош келдіңіз. Ал біздің балалар сіздерге өз өнерлерін көрсетпекші.

Жүргізіші: «Толағай» тобының бүлдіршіндерінің орындауында «Алтын күз» әні. Әуен ойналып, күтпеген жерден жалқаубек келеді. (жалқаубек әуені)



Жалқаубек: Балалар жолда өзі әдемі киінген қолында себеті бар бір қызды көріп едім мына базарлығын жолда ұмытып кетіпті. Сендерге келмедіме?

Жүргізіші: Амансыңба Жалқаубек қош келдің біздің мерекелік шараға.

Күз ханшайымы: «Толағай» тобының мерекелік кешіне келіп қалдым. Сыйлығымды жеткізгеніңе

саған рахмет. Кел бүлдіршіндерді бірге тамашалайық.

Жүргізіші: Бүлдіршіндердің күзгі мерекеге арналған тақпақтарын тындайық.
Ортаға: Сартай, Аянат, Алуа, Күнтай, Исмайл, Тобыш, Ақыл, Айдай, Ақпейіл, балапандарды шақырамыз.

Сартай: Алақай, алақай,
Шаттанды балақай.
Күз түсті, дән пісті.
Айтамыз алғысты.

Аянат: Алтын, сары, қызыл көк.

Алуан-алуан жапырақ.

Күзгі бақта күлімдеп

Көз тартады атырап.

Алуа: Көрініп еліме,

Күндері мереке,

Келді ғой жеріме.

Күз дейтін мереке.

Күнтай: сап-сары ғып даланы

Бояпты ғой күз деген

Құстар қанат қағады.

Қоштасқандай бізбенен.

Исмайл: сап сары маңай

Сап сары тоғай

Соңғы әнін айтып,

Құс кетті қайтып.

Тобыш: Жапырақ ұшты,

Суық та түсті.

Сондада бізге

Қызық көп күзде.

Ақыл: Ел егінін орады.

Қырманға дән толады.

Біздің бай дала

Алтын астық айнала.

Айдай: жаздай күткен бәріміз.

Сары алтын, сары күз.

Көк аспаным мөлдіреп,

Алтын күнім әлсіреп.



Ақпейіл: Келді міне алтын күз.

Айнала сары түс.

Керемет тамаша.

Қандай әсем күз.

Жүргізіші: Ортаға топтың биші балапандарын
шақырамыз. «Жаяу биі»

Ақыл, сартай, исмайл, Бағдат, Тәуекел,
тобыш.

Жүргізіші: Жарайсыңдар балалар! Жалқаубек саған біздің балалардың биі ұнап жатырма?

Жалқаубек: ия ұнады.

Жүргізуші: Ендеше балалармен бір ойын ойнайық.

Жалқаубек: Қойшы ойнағым келмейді, менің дым жасағым келмейді.

Жүргізуші: Жалқаубек олай айтпа, бізге көмектесіп, балалармен ойын ойнайық.

Жалқаубек: жарайды.

Жүргізуші: Олай болса мына себеттегіжеміс пен көкөністі бөліп, ажыратып салайық. Балалар келіңдер ойын ойнайық.

Жүргізуші: ойын ұнады ма? Жарайсыңдар!

Жүргізуші: Ағаштардан жамырап

Ұшты кенет жапырақ

Ой, алақай тамаша

Шашу шашты жапырақ.

Ендеше «**Жапырақ**» биін тамашалайық. Биші қыздарымызды шақырамыз.



«Жапырақ» биі: Айзере, Динара, Аянат,
Әдемі, Айару, Аделья, Айнамкөз.

Жүргізуші: Керемет, жарайсыңдар, нағыз биші екенсіңдер. Келесі кезекте «Толағай» тобының балаларының «**Жеміс пен көкөніс**» сән үлгісін көрсетуін тамашалайық.

Нұрай, Томирис, Тасқын, Бекнұр, Бекбол,
Ибрахим.



Неткен сұлу бүлдіршіндер, қолдан ерінбей жасаған сәнді әдемі киімдер жарайсыңдар. Өте әдемі аналарға мың алғыс!



Жүргізуші: Балалар, күн жауғалы тұр біз жауыннан қорықпаймыз ортаға «Тучка» биін билейтін қыздарымызды шақырамыз.

«Тучка» биі

Күнтай, Айдай, Алуа, Ақпейіл, Еркеназ.

Жүргізуші: Жарайсыңдар бүлдіршіндер рахмет! Келесі кезекте «Кап-кап» әнін қабыл алыңыздар. Ертеңгілігімізді жалғастырамыз.

Келесі бізде «Күз сыйы» атты кезең. Бүлдіршіндеріміздің өздері ата анасымен бірігіп табиғи бұйымдардан жасаған қол өнерлерінің көрмесі.



Бала бақшамыздың басшылары өзара бағалап, бағасын мерекеміздің соңғы бөлімінде марапаттап беретін болады.

Жүргізуші: Бүлдіршіндеріміздің табиғи бұйымдардан жасаған көрмесі өте керемет екен. Ата аналарға мың алғыс.

Күз ханшайымы: Балаларым, балғыным,

Өздеріңді қимаймын

Дәм татыңдар мінеки.

Күзгі жеміс жидектен

Өздеріңе сыйлаймын.

Жарайсыңдар балалар! Міне менің сыйлығым бір себет күз сыйы сендерге денсаулық және шаттық әкелсін.

Жалқаубек: Рахмет сендерге балалар енді бүгіннен бастап сендер сияқты, еңбекқор жақсы әдепті бала боламын. Үлкендердің тілін алатын боламын.

Жүргізуші: Күз ханшайымы саған мың алғыс. Бүгінгі сыйлығыңызға рахмет.

Бізге жыл айналып тағы келіңіз, біз сізді асыға күтеміз.

Осы кезде әуен ойналады. Күз ханшайымы мен жалқаубек кетеді.

Жүргізуші: құрметті қонақтар!

Бүгінгі біздің «Алтын күз» атты ертеңгілігімізді аяқтай отырып, келер күзімізде берекелі, молшылық астықты болсын деп тілейміз.

Бүгінгі мерекені қорытындылай келе «Күз сый» көрмесімен қолөнер дайындап әкелген ата аналарымызға марапаттау үшін сөз кезегін бала бақшамыздың басшысына береміз.

Жүргізуші:

Берекелі бақ дәулет

Арта түссін тойланып.

Сау болыңдар қонақтар

Келгенше күз айналып

Қош сау болыңыздар.

